# KASE АПТАЛЫҒЫ

## 05 – 07 наурыз, 2018



## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- 15 наурыздан бастап JPMORGAN CHASE BANK, N.A. АҚШ долларымен және J.P. MORGAN AG еуромен KASE корреспонденттік шоттары белсендендіріледі.
- KASE 2018 жылдың ақпан айында биржалық нарықтың қорытындысына арналған БАҚ үшін медиа-брифинг өткізді.
- Қазақстан қор биржасы (KASE) Telegram – @KASEInfoBot қосымшасында өзінің ресми ақпараттық арнасына қолдау көрсеткені туралы екертеді. Қазіргі уақытта @KASEInfoBot жазылған пайдаланушылар Қазақстан қор биржасындағы бағалы қағаздармен және шет елдік валюталармен сауда-саттық барысы туралы, KASE есептелген биржалық нарықтың индикаторының мәні туралы, сондай-ақ дивиденд төлемі туралы қолайлы да ыңғайлы жедел ақпарат алуға мүмкіндіктері бар.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Даму банкі Қазақстанның шикізат емес экономикасын дамыту бойынша жобаларына 2018 жылға 400,0 млрд теңгеден астам инвестициялау жөніндегі жоспары туралы хабарлады.
- Атамекен-Агро инвестициялық шығындар бойынша қарызын өтеуге сондай-ақ айналым қаражатын толықтыруға 490,3 млн теңге, 7,9 млрд теңге және 1,9 млрд теңге көлемінде қарыз алғаны туралы хабарлады.
- Цеснабанк 2018 жылдың 05 наурызынан бастап Қазақстан қор биржасында (TSBNb32) облигацияларын орналастыруды бастағаны туралы хабарлады.
- 15 наурызда Қазақстан қор биржасында "БАСТ" АҚ (BAST) 10 527 жай акцияларын орналастыру бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізіледі.
- Самұрық-Энерго Fitch Ratings рейтингілік агенттігі компанияның ұзақ мерзімді рейтингін "BB" деңгейіне дейін төмендеткені туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- 2017 жылға "Сентрас Секьюритиз" АҚ қаржылық есептілігі жарияланды.
- Qazaq Banki Жамбыл облысы бойынша банк филиалының құрылымдық бөлімшесінің жұмысы тоқтағаны туралы хабарлады.
- "Zim Capital" АҚ "First Heartland Securities" АҚ қайта тіркелді.

KASE Индексі 9,5 жылдық максимум деңгейін жаңғыртты. Соңғы рет 2008 жылдың 17 шілдесінде индекс ағымдағы биіктікке жеткен болатын. Апта қорытындысы бойынша қазақстандық индекстің көгілдір фишкалары 0,96% дейін өсіп 2 412,94 нүктеге дейін жетті.

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




| 07.03.2018 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 2 412,9 | 1,0 | 3,1 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| Банк ЦентрКредит | 306,3 | 6,4 | 10,6 |
| РД КазМунайГаз (прив.) | 13 400,0 | 3,08 | 3,9 |
| Аэрофлот (Россия) | 873,0 | 2,1 | 3,9 |
| QAZKOM (прив.) | 102,0 | 2,0 | -12,8 |
| Народный банк | 110,0 | 1,7 | 6,7 |
| KAZ Minerals | 3 821,0 | 1,57 | -1,7 |
| Kcell | 1 715,0 | 1,5 | 1,5 |
| Казахтелеком | 25 235,0 | 0,9 | 5,9 |
| Банк Астаны | 1 200,0 | 0,7 | -3,0 |
| Казахтелеком (прив.) | 9 836,5 | 0,4 | -1,1 |
| Сбербанк (Россия) | 1 547,0 | 0,3 | 5,6 |
| QAZKOM | 102,0 | 0,0 | 9,7 |
| РД КазМунайГаз | 26 994,0 | 0,0 | 0,0 |
| БАСТ | 55 000,0 | -0,2 | -2,1 |
| КазТрансОйл | 1 580,0 | -0,6 | 6,5 |
| Bank of America | 10 270,0 | -0,7 | -1,2 |
| KEGOC | 1 406,8 | -1,0 | 0,1 |
| АЗМ | 10 949,4 | -1,1 | -7,1 |
| Газпром (Россия) | 808,0 | -1,8 | -2,5 |
| Банк ВТБ (Россия) | 0,3 | -3,3 | 3,6 |

Өсім лидері Банк ЦентрКредит акциялары болды, олардың бағасы 6,36%-ға артып, 306,32 теңгені құрады. Акциялар өсімі көлемі артуына байланысты болып отыр, оның арқасында акция өтімді бағалы үлестік қағаздардың апталық және айлық рейтингіне басшылық етті.

Халық банктің акциялары апта қорытындысы бойынша 1,74% қымбаттап, 110 теңгені құрап, өзінің тарихи шыңына жақындады. KAZ Minerals PLC және Кселл қағаздары 1,6% және 1,5% қымбаттады.

KEGOC акциялары құлдырап, құны 1,03% төмендеді. КазТрансОйл үлестік қағаздары 0,57% арзандады.

Апта қорытындысы бойынша Қазақстан қор биржасында жергілікті атқарушы органдардың облигацияларының үш шығарылымы орналастырылды. Алматы қаласының әкімдігі дүйсенбі күні 2 млрд теңгеге екі жылдық облигацияларды орналастырды. Сейсенбі күні Шығыс Қазақстан және Қостанай облысының әкімдіктері мемлекеттік бағдарламаны орналастыруды жүзеге асыру мақсатында екі жылдық облигацияларды орналастырып, сонымен 1,3 млрд теңге және сәйкесінше 1,2 млрд теңгені тартты.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі 25 б.н. 9,5% дейін төмендеуіне байланысты қаржы нарығының мөлшерлемесі де төмендеуі байқалады. Бір аптада бір күндік своп бойынша кірістілігі 31 б.н. төмендеп, жылдық 8,81% құрады. Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операциясының кірістілігі 24 б.н. жылдық 8,52 % жетті.

Ұлттық банк бір аптаның ішінде биржадан тыс жалпы көлемі 816,5 млрд теңге төрт нот шығарылымын орналастырды. Жеті күндік ноттардың үш шығарылымы бойынша жалпы көлемі 503,3 млрд теңгеге жетіп, алдыңғы аптамен салыстырғанда кірістілігі 8,78% төмендеді, дүйсенбіде 8,60% дейін, сәрсенбі күні 28 күндік ноттар бойынша жылдық 8,72% құрады. Ноттарға жиынтық сұраным ұсынымнан артып, 13% құрап, 920,5 млрд теңгені құрады.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

**Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Апта қорытындысы бойынша доллар бағамы бір аптада 0,3% төмендеп, немесе 1,07 теңгеге 320,19 теңгеге дейін жетті. Аптаның алғашқы екі күнінің қорытындысы бойынша 3 теңгеге нығайды, алайда сәрсенбі күні алдындағы жаулап алған позициянның бір бөлігі жоғалып қалды. Егер аптаның басында теңге жақсы сұраным болғандықтан өссе, және мұнай нарығындағы жағдай қолдау көрсеткен болса, атап айтқанда, Кушингте шикізат қоры 2014 жылдан бері ең төменгі деңгейге дейін төмендеген болса, онда сәрсенбі күні теңгеге сұраным азайып, теңге ресей валютасының динамикасына беріліп, KASE таңертеңгі сауда-саттық сессиясының жабылу сәтінде долларға қатынасы бойынша 0,4% төмендеп, бір долларға 57 рубльді құрады.

Рубль бағамы 0,0548 теңгеден 5,6317 теңгеге дейін төмендеп, сауда-саттық көлемінің жиынтық көлемі 109,5 млн рубльді құрады.

Еуромен сауда-саттық тек дүйсенбі күні орындалды, еуропалық валюта бағамының қорытындысы бойынша 396,0 теңге, сауда-саттық көлемі - 150 мың еуро.

Қытай валютасы сейсенбіге дейін саудаланды, бағамы 50,435 теңге көлемінде сақталып, мәміле 1,4 млн юань.

**Шет ел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.17)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2017, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 442,34 | -0,5 | -3,2 | +7,9 |
| USDKZT | 319,45 | +0,2 | -0,7 | -4,2 |
| EURKZT | 394,27 | +0,3 | -1,8 | +11,9 |
| CNYKZT | 50,37 | -0,3 | -1,6 | +4,9 |
| RUBKZT | 5,65 | -1,1 | -1,2 | +4,1 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



**Халықаралық индекстер**

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 2 726,80 | 1,3 | 2,9 | 15,1 | 0,5 |
| Dow Jones | 24 801,36 | 1,1 | 1,9 | 18,5 | -0,9 |
| PTC | 1 270,17 | 0,7 | 0,5 | 15,7 | -1,5 |
| ММВБ | 2 291,23 | 0,1 | 0,6 | 13,2 | -1,5 |
| Hang Seng | 30 196,92 | -1,3 | -6,4 | 27,5 | -1,7 |
| SS CSI 300 | 4 036,65 | 0,5 | -5,6 | 16,9 | -0,1 |
| Euro Stoxx 50 | 3 377,36 | 1,6 | -2,9 | -0,2 | -1,8 |
| FTSEuroFirst | 4 091,00 | 1,4 | -3,1 | -1,8 | -1,9 |
| FTSE 100 | 7 157,84 | 1,2 | -2,4 | -2,5 | -1,1 |
| KASE | 2 412,94 | 1,0 | 3,1 | 53,0 | |

**Шикізат нарығы** 07.03.2018

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а |
|---|---|---|---|
| Мұнай | 64,34 | 0,0 | -4,9 |
| | 61,15 | -0,2 | -4,7 |
| Табиғи газ | 2,78 | 3,0 | 1,1 |
| Мыс | 311,40 | 0,4 | -3,3 |
| Темір | 513,00 | 0,0 | -13,5 |
| Алтын | 1 325,57 | 0,2 | -1,1 |
| Күміс | 16,43 | 0,2 | -1,5 |
| Астық | 493,00 | 0,2 | 12,0 |

| Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 13.03 | Негізгі ТБИ (а/а) (ақпан) | USD | 0,2% | 0,3% |
| 14.03 | Өнеркәсіп өндірісінің көлемі (ж/ж) (ақпан) | CNY | 6,3% | 6,2% |
| 14.03 | ЕОБ Драги басшысының сөзі | EUR | | |
| 14.03 | Негізгі бөлшек сату индексі (а/а) (ақпан) | USD | 0,3% | 0,0% |
| 14.03 | Шикі мұнай қоры | USD | 2,718M | 2,408M |
| 16.03 | ТБИ (ж/ж) (ақпан) | EUR | 1,2% | 1,2% |
| 16.03 | Берілген құрылыс рұқсаттарының саны (ақпан) | USD | 1,330M | 1,377M |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 6,5 % | 01.03.18 | 8,5 % |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 434 | 01.03.18 | 29 530 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 4 893,7 | 01.03.18 | 5 162,2 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 18 939,9 | 01.02.18 | 19 912,6 |

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 12.03.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 негативті |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 20.10.17 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

KASE

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ  (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді.  KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін  инвестициядан  табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE  инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары  KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ  2018